

2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ЖЗҚ инвестиционных портфельдеріндегі қаржы құралдарының құнсыздану нәтижелеріне қысқаша шолу

Қор нарықтарының дағдарысы жағдайларында Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарының (бұдан әрі – қор/ұйым) инвестициялық басқаруындағы қаржы құралдарының тепе-тең құнын анықтау және көрсету, сондай-ақ эмитенттің өз міндеттемелерін орындамау немесе тиісінше орындамау және оларға қарсы резервтер (провизиялар) қалыптастыру салдарынан құнын жоғалту кезінде бағалы қағаздардың құнсыздануына байланысты болашақтағы ықтимал шығындардың ауқымын айқындау мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) қолданыстағы пруденциалдық реттеу шеңберінде зейнетақы активтерінің құнсыздануына ай сайын тест жүргізу жөнінде қорларға/ұйымдарға қойылатын міндетті талаптарды белгіледі. Бұл талап 2009 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енді.

Сонымен қоса, құнсыздануға тест жүргізу қажеттілігі «Қаржы құралдары: мойындау және өлшеу» ҚЕХС 39-да айқындалды. Осы стандартқа сәйкес қаржы активі құнсызданады және де шығынға әкеп соқтыратын бір немесе бірнеше оқиғалардың (оқиғаның) нәтижесінде құнсыздану объективті түрде расталғанда ғана құнсыздану шығындарына жол беріледі. Осы стандартта құнсыздануға тест жүргізу қажеттілігінің өлшемдеріне бірқатар мысалдар келтірілген.

Агенттік талаптарына сәйкес құнсыздануға қорлардың "өтегенге дейінгі ұстап қалғандар" санатына жатқызылған, сондай-ақ дефолт не делистинг жариялануы бойынша және эмитенттің банкроттығы жағдайларында "сауда-саттыққа арналған" және "сату үшін қолда бар" санаттарына жатқызылған зейнетақы активтері жатады.

Бағалы қағаздардың құнсыздануынан шыққан шығындарды жабуға жұмсалған резервтер (провизиялар) зейнетақы активтері бойынша шығыстардың есебінен қалыптастырылады және зейнетақы активтерінің баланстық құнын азайтады, бұл тиісінше зейнетақы активтерінің шартты бірлік құнын, сондай-ақ К2 номиналды кіріс коэффициентін төмендетеді.

Уәкілетті органның талаптарында эмитенттің қаржылық жағдайы, төлемдердің кез келгенін өтеу мерзімін ұзарту, кепілдіктің берілуі, белсенді нарықтың болуы, рейтингтің болуы сияқты құнсыздану белгілерінің критерийлері айқындалған. Сонымен қоса, қор өз бетінше құнсыздану әдістемесін әзірлеп жатыр, оған сәйкес эмитенттің қаржылық жағдайы бағаланады. Құнсыздану әдістемесін қор мен ұйым бекітеді.

Әрбір критерий бойынша балл беріледі. Актив бойынша жинақталған балл саны ескеріле отырып, оның жіктелу санаты мен қажетті резервтерінің (провизияларының) мөлшері белгіленеді. Сонымен, резервтің белгіленген мөлшері 10-нан 50%-ға дейінгі мөлшерді құрайды. Бұл ретте, бұл барынша аз мән болып табылады және құнсыздануға тест жүргізу кезінде Құнсыздану әдістемесінде барынша консервативті тәсіл анықталуы мүмкін.

2010 жылғы 1 қаңтарда зейнетақы активтері 1 884,5 млрд. теңгені құрады. Қорлар есептілік деректері бойынша жалпы сомасы 23,6 млрд. теңге резервтерді (провизияларды) қалыптастырды, бұл зейнетақы активтерінің ағымдағы құнының (бұдан әрі – ЗАА) шамамен 1,3%-ын құрайды.

Таза зейнетақы активтері шамасының жүйе бойынша олардың жалпы сомасына қатынасы бойынша қорларды тәртіпке келтіру кезінде қорларды шартты түрде 3 топқа бөлуге болады: **ірі – 1-топ, орташа – 2-топ және шағын – 3-топ.**

2010 жылғы 1 қаңтарда жүйедегі ең көп үлесті **1-топ** қалыптастырған резервтер иеленеді. Сонымен, олардың үлесіне барлық қалыптастырылған резервтердің шамамен 66%-ы немесе 15,5 млрд. теңге жатады.

2 және 3-топтардың үлесіне резервтердің жалпы сомасының 28%-ы (6,6 млрд. теңге) және тиісінше 7%-ы (1,5 млрд. теңге) келеді.

Сонымен қатар ЗАА резервтерінің ең көп үлесі жеке қор бойынша 3,9% болды.

Бұл ретте, қорлардың **2 және 3-топтар** бойынша құнсызданғаннан кейінгі ЗАА 1,2%-ға және **2-топ** бойынша 1,5%-ға төмендеді.

Топтар бойынша нақты деректер төмендегі кесте мен графикте берілген.

млрд. теңге

ЖЗҚ тобы	Ағымдағы құны	Қалыптастырылған провизиялар (факт)	Ағымдағы құнының үлесі %-бен	Құнсыздандуды ескергендегі ағымдағы құны
Ірі ЖЗҚ - 1	1 321,4	15,5	1,2	1 305,9
Орташа ЖЗҚ - 2	432,7	6,6	1,5	426,1
Шағын ЖЗҚ - 3	130,3	1,5	1,2	128,8
Жиынтығы	1 884,4	23,6	1,3	1 860,8



Қорлардың топтары бойынша қалыптастырылған провизиялардың мөлшерін қарастыра отырып мынаны атап өтуге болады. Резервтің барынша маңызды сомасы **ірі қорларға** келеді. Сонымен, жалпы провизиялардағы олардың үлесі жүйе бойынша деректердің 65,7%-ын (15,5 млрд. теңгені) құрады. **2-топтың** үлесі 28,0%-ды немесе 6,6 млрд. теңгені құраса, **3-топтың** үлесі 6,4% немесе 1,5 млрд. теңге болды.

Қорлардың **1-тобының** үлесіне жүйе бойынша резервтердің біршама бөлігінің келу себебі аталған қорлардың басқаруындағы зейнетақы активтерінің едәуір көлемі болып табылады.

Бұл ретте, **ірі қорлардың** ЗАА тәуекелді бағалы қағаздарының үлесі барлық үш топтың ішіндегі ең аз мәнге ие болды. Сонымен, **ірі қорлардың** зейнетақы активтерінің есебінен сатып алуға рұқсат етілмеген қаржы құралдарының үлесі (дефолтқа ұшырағандары мен буферлік санатқа енгендерін қоса алғанда) 6,9%-ды, **орташа қорлардың** – 8,6%-ды және **шағын қорлардың тобы** – 10,5%-ды құрады.

Ірі қорлардың ЗАА бірінші және екінші шағын санаттың рейтингтік бағасы жоқ ҚР эмитенттерінің борыштық бағалы қағаздарының үлесі 2010 жылғы 1 қаңтарда 14,9%-ды, **орташа және шағын қорлардың** үлесі тиісінше 27,9%-ды және 30,5%-ды құрады.

Бұл ретте, құнсыздануға 2010 жылғы 1 қаңтарда қорлардың зейнетақы активтерінің жиынтық көлеміндегі негізгі үлесті ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары стандартты жіктелу санатына жататын жүйе бойынша ЗАА жалпы көлемінің 40,2% болуы фактісі әсер етеді.

Сонымен, портфельдегі ҚР мемлекеттік бағалы қағаздарының ішінен **1-топтың** үлесіне 38,4%-ы, **2 және 3-топтардың** үлесіне – тиісінше 46,1% және 39,7%-ы тиіп отыр.

Топтар бойынша нақты деректер төмендегі кестеде берілген.

ЖЗҚ топтары	МБҚ	Шетел БҚ	ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары				Рұқсат берілмеген қаржы құралдары	Өзге активтер	Жиынтығы
			Рейтингі бар акциялар	КАСЕ тізімінің I және II санатты акциялары	Рейтингі бар борыштық БҚ	I және II шағын санатты рейтингі жоқ борыштық БҚ			
Ірі ЖЗҚ - 1	38,4	21,0	7,2	2,6	0,9	14,9	6,9	8,2	100,0
Орташа ЖЗҚ - 2	46,1	7,0	2,6	2,3	3,1	27,9	8,6	2,5	100,0
Шағын ЖЗҚ - 3	39,7	2,6	1,2	12,3	1,3	30,5	10,5	2,0	100,0
ЖИЫНТЫҒЫ	40,2	16,5	5,7	3,2	1,4	19,0	7,5	6,5	100,0

Құнсыздану рәсімі активтердің, атап айтқанда қорлардың зейнетақы активтерінің нақты құнын көрсетуге мүмкіндік береді.

Құнсыздануды жүргізу қосарланған әсер береді. Бір жағынан, құнсыздану қорларды/ұйымдарды оң инвестициялық саясатты жүргізу арқылы меншікті қаражат есебінен ықтимал өтемдерді болдырмау үшін қажетті инвестициялық кірістілікті қолдауға талаптандырып, К2 номиналды кіріс коэффициентіне қысым көрсетеді.

Алайда, жүйе бойынша кірістіліктің орташа деңгейін қамтамасыз етпеген жағдайда, қорлар/ұйымдар уәкілетті органның талаптарына сәйкес болашақта жүйе бойынша кірістіліктің барынша төмен деңгейін өтеуі мүмкін соманы жабуға резервтер қалыптастырады.

Қалыптастырылған резервтердің сомасы, өз кезегінде, қорлардың/ұйымдардың «міндеттемелеріне» қысым көрсетеді, яғни капиталдандырылғанға дейінгі талаптарды күшейтеді.

Екінші жағынан, құнсызданудың арқасында тәуекелді зейнетақы активтерінің көтерме құнын көрсету ықтималы алынып тасталынады да, бұл, өз кезегінде, салымшыларға шығынға ұшыраған ең төмен кірістілікті өтеген жағдайда меншікті капиталдың қажетті мөлшерін қамтамасыз ету үшін қорларға/ұйымдарға белгіленген меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициентінен белгілі бір жүктемені алып тастайды.

Осылайша, құнсыздану рәсімі қорлардың/ұйымдардың пруденциалдық реттеудегі балансын белгілей отырып, зейнетақы активтерін тиімді басқаруға ынталандыру болып табылады да, салымшылардың жинақталған зейнетақы қаражатының сақталуын қамтамасыз етеді.